

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

2017 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕГІ ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША

Алматы 2017 ж.

Мазмұны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	3
I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ	3
1. АКТИВТЕР	3
2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ.....	4
3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР	5
4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	6
5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ.....	6
II. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ	8
1. АКТИВТЕР	8
2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ.....	9
3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР	9
4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	10
5. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банктік емес секторы 3 ипотекалық ұйыммен және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 5 ұйымдармен (бұдан әрі - банктік емес ұйымдар) ұсынылған.

1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017г.	01.07.2017г.
Ипотекалық ұйымдардың саны, оның ішінде:	3	3
- жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын ипотекалық ұйымдар	1	1
- ипотекалық ұйым	2	2
Банктік емес ұйымдардың саны, оның ішінде:	5	5
- жалғыз акционері агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын ұйымдар	4	4
- почта операторы	1	1
Банктік емес ұйымдардың еншілес ұйымдарының саны	6	6

I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. АКТИВТЕР


2-кесте. Қазақстан Республикасының ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.07.2017		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	
Ақша	0,5	0,2%	0,4	0,2%	-20,0%
Ағымдағы шоттар	38,4	14,9%	30,9	12,3%	-19,5%
Бағалы қағаздар	10,2	4,0%	10,0	4,0%	-2,0%
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	0,4	0,2%	0	0,0%	-100,0%
Клиенттерге берілген қарыздар, оның ішінде «Кері РЕПО» операциясы	133,5	51,9%	156,3	62,2%	17,1%
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	14,1	5,5%	15,9	6,3%	12,8%
Клиенттерге ХҚЕС талаптары бойынша берілген қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-4,1	-1,6%	-5,0	-2,0%	22,0%
Басқа активтер	64,1	24,9%	42,7	17,0%	-33,4%
Активтердің барлығы	257,1	100,0%	251,3	100,0%	-2,3%

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 251,3 млрд. теңге, бұл жылдың басындағы көрсеткіштен 5,8 млрд. теңгеге немесе 2,3%-ға аз.

Ипотекалық ұйымдардың активтері құрылымының маңызды үлесін клиенттердің қарызы – 62,2% (156,3 млрд.теңге), басқа активтер – 17,0% (42,7 млрд.теңге), ағымдағы шоттар – 12,3% (30,9 млрд.теңге).

1-график. ҚР ипотекалық ұйымдарының активтері мен несие портфелінің динамикасы



2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 156,3 млрд. тенге болды, бұл 2017 жылдың басындағы қалыптасқан көрсеткіштен 22,8 млрд. тенгеге немесе 17,1%-ға көп.

Есепті күнге қалыптастырылған провизиялар 5,0 млрд. тенгені құрады (ипотекалық ұйымдардың несие портфеліндегі қалыптастырылған провизиялардың үлес салмағы 3,2%).

3-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несие портфелінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.07.2017		Өзгерістер (%)
	млрд. тенге	жиынтығы %-бен	млрд. тенге	жиынтығы %-бен	
Несие портфелі (негізгі борыш), оның ішінде:	133,5	100,0%	156,3	100,0%	17,1%
Клиенттерге берілген қысқамерзімді қарыздар	0	0,0%	0,0	0,0%	0,0%
Клиенттерге берілген ұзақмерзімді қарыздар	58,0	43,4%	52,9	33,8%	-8,8%
Клиенттерге қаржы лизингі	75,3	56,4%	103,2	66,0%	37,1%
Клиенттердің қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі	0,2	0,1%	0,2	0,1%	0,0%
Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциясы	0	0,0%	0	0,0%	0,0%
Анықтама: ХҚЕС бойынша провизиялар	4,1	3,1%	5,0	3,2%	22,0%

4-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несие портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.07.2017		Өзгерістер (%)
	млрд. тенге	жиынтығы %-бен	млрд. тенге	жиынтығы %-бен	
Несие портфелі (негізгі борыш)	133,5	100,0%	156,3	100,0%	17,1%
Негізгі борышы және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ қарыздар	126,1	94,5%	140,3	89,8%	11,3%
Мерзімі өткен берешегі бар қарыздар, оның ішінде:	7,4	5,5%	16,0	10,2%	116,2%
1 - ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	4,2	3,1%	10,8	6,9%	157,1%
31 - ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	0,8	0,6%	0,9	0,6%	12,5%
61 - ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	0,2	0,1%	0,4	0,3%	100,0%
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	2,1	1,6%	3,9	2,5%	85,7%

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.07.2017		Өзгерістер (%)
	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша провизиялар	1,6	1,2%	1,9	1,2%	18,8%
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарды ХҚЕС бойынша провизиялар мен жабу коэффициенті	76,2%		48,7%		

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы 10,2%-ды құрады (немесе 16,0 млрд. теңге). Есепті күні 90 күннен астам күннен бастап негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек 3,9 млрд. теңге немесе несие портфелінің 2,5% болды.

3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2017 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда ипотекалық ұйым міндеттемелерінің жиынтықты мөлшері 12,0 млрд. теңге немесе 5,9%-ға азайды және 2017 жылғы шілдедегі жағдай бойынша 191,8 млрд. теңге болды.


Ипотекалық ұйымдардың құрылымында міндеттемелер құрылымы алынған қарыздарды түрінде (73,5%).

5-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының жиынтықты міндеттемелерінің құрылымы


Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.07.2017		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	
Алынған қарыздар	145,0	71,2%	140,9	73,5%	-2,8%
Айналысқа жіберілген бағалы қағаздар	36,4	17,9%	33,0	17,2%	-9,3%
Басқа кредиторлар	11,0	5,4%	16,2	8,4%	47,3%
Басқа міндеттемелер	11,4	5,6%	1,6	0,9%	-86,0%
Барлық міндеттемелер	203,8	100,0%	191,8	100,0%	-5,9%

2-график. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы

01.01.2017




на 01.07.2017г.



4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың баланстық меншікті капиталы 59,6 млрд. теңгені құрады, ағымдағы жылдың басынан қалыптасқан көрсеткіштен 6,3 млрд.теңгеге көп.

3 - график. Ипотекалық ұйымдарының баланс бойынша меншікті капиталының құрылымы



2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың реттеуші меншікті капиталының мөлшері 59,5 млрд. теңгені құрады. Ал жылдың басында осы көрсеткіш 55,2 млрд. теңгені құрады.

6-кесте. ҚР ипотекалық ұйымының меншікті капиталының жеткіліктілігі


Көрсеткіштің атауы	01.01.2017	01.07.2017
Төленген меншікті капитал (оның ішінде капитал), млрд.теңге	63,2	68,4
Есепті меншікті капитал, млрд.теңге	55,2	59,5
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті ($\kappa_1 \geq 0,06$)	0,200	0,234
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті ($\kappa_1 - 2 \geq 0,06$)	0,261	0,248
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті ($\kappa_1 - 3 \geq 0,12$)	0,274	0,246

5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар 2,1 млрд.теңге мөлшерде таза пайда алды.

7-кесте. ҚР ипотекалық ұйымының кірістілігі

Көрсеткіштің атауы	млрд. теңге		
	01.07.2016	01.07.2017	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	9,9	8,4	-15,2%
Сыйақы төлеуге байланысты шығындар	5,5	3,4	-38,2%
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	51,1	22,5	-56,0%
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығындар	50,5	21,9	-56,6%
Операциялар бойынша (резервтерді қалпына келтіру) ықтимал шығынға резервтер	2,2	2,9	31,8%
Корпоративтік табыс салығы	0,6	0,6	0,0%
Таза кіріс (шығын)	2,2	2,1	-4,5%

4-график. Ипотекалық ұйымдардың пайдасы (шығыны)

II. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ¹

1. АКТИВТЕР

8-кесте. Банктік емес ұйымдардың жиынтық активтерінің құрылымы


Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.07.2017		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламалары	116,4	14,2%	164,2	18,0%	41,1%
Орналастырылған салымдар	7,7	0,9%	7,7	0,8%	-0,3%
Бағалы қағаздар	31,4	3,8%	30,9	3,4%	-1,5%
Қаржылық жалдау	199,1	24,3%	182,7	20,1%	-8,2%
Берілген қарыздар	286,6	34,9%	351,6	38,6%	22,7%
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	23,6	2,9%	19,9	2,2%	-15,6%
Дебиторлық берешек	56,6	6,9%	59,8	6,6%	5,8%
Өзге активтер	99,2	12,1%	93,7	10,3%	-5,6%
Активтердің барлығы	820,5	100,0%	910,5	100,0%	11,0%

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық активтері 2017 жылдың басынан 11,0%-ға ұлғайып, 910,5 млрд. теңге болды.

2017 жылдың басымен салыстырғанда ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламаларының 41,1%-ға, берілген қарыздардың 22,7%-ға ұлғайғаны байқалады, бұл ретте инвестициялар 15,6%-ға төмендеді.

Банктік емес ұйымдар активтерінің жалпы сомасында заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар – 38,6% (351,6 млрд.теңге), қаржылық жалдау – 20,1% (182,7 млрд. теңге) және ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламалары –18,0% (164,2 млрд.теңге) алады.

5-график. Банктік емес ұйымдардың активтері мен несие портфелінің динамикасы



¹ Агрооеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдары мен Ұлттық почта операторы бойынша

2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық несиесі портфелі (қаржылық жалдауды ескергенде) 590,2 млрд. теңге болды.

Мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың банктік емес ұйымдардың жиынтық несиесі портфеліндегі үлес салмағы 23,8% (немесе 140,5 млрд. теңге) болды. Есепті күні негізгі борыш бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 101,5 млрд. теңге немесе банктік емес ұйымдардың жиынтық несиесі портфелінен 17,2% болды.

9-кесте. Банктік емес ұйымдардың несиесі портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.07.2017		Өсімі, %-бен
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығын да %-бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Несие портфелі, оның ішінде қаржылық жалдау	539,6	100,0%	590,2	100,0%	9,4%
Негізгі борыш бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ қарыздар	376,1	69,7%	449,7	76,2%	19,6%
Мерзімі өткен берешегі бар қарыздар, оның ішінде:	163,5	30,3%	140,5	23,8%	-14,0%
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	40,2	7,4%	23,4	4,0%	-41,7%
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	23,1	4,3%	9,7	1,6%	-58,0%
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	7,3	1,3%	5,8	1,0%	-19,8%
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	92,9	17,2%	101,5	17,2%	9,3%
<i>90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша провизиялар</i>	<i>50,5</i>	<i>9,4%</i>	<i>54,3</i>	<i>9,2%</i>	<i>7,6%</i>
<i>90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарды ХҚЕС бойынша провизиялармен жабу коэффициенті</i>		<i>54,3%</i>		<i>53,5%</i>	

3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР


Банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2017 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 14,3%-ға ұлғайып, 2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 483,7 млрд. теңге болды.

2017 жылдың басымен салыстырғанда банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында алынған қарыздардың 23,5%-ға, кредиторлық берешектің 18,1%-ға және тартылған салымдардың 12,7%-ға ұлғайғаны байқалады. Банктік емес ұйымдардың міндеттемелері құрылымында алынған қарыздар түріндегі міндеттемелер басым болды (56,6%).

10-кесте. Банктік емес ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.07.2017		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Тартылған салымдар	24,3	5,7%	27,4	5,7%	12,7%
Алынған қарыздар	221,7	52,4%	273,8	56,6%	23,5%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	139,2	32,9%	139,4	28,8%	0,1%
Кредиторлық берешек	22,3	5,3%	26,4	5,5%	18,1%
Басқа міндеттемелер	15,6	3,7%	16,7	3,5%	7,1%
Міндеттемелердің барлығы	423,2	100,0%	483,7	100,0%	14,3%


7-график. Банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы



4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

Банктік емес ұйымдардың баланстық меншікті капиталы 2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 426,8 млрд.теңге болды, бұл 2017 жылғы 1 қаңтарда қалыптасқан көрсеткіштен 29,5 млрд. теңгеге немесе 7,4%-ға көп.

8-график. Банктік емес ұйымдардың меншікті капиталының құрылымы



11-кесте. Ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының меншікті капитал жеткіліктілігі

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017	01.07.2017
Төленген жарғылық капитал, млрд. теңге	329,2	374,3
Есептік меншікті капитал, млрд.теңге	343,7	376,5
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті (к1)	0,479	0,463
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті (к1-2)	0,581	0,567
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті (к1-3)	0,536	0,506

12-кесте. Ұлттық почта операторының меншікті капитал жеткіліктілігі

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017	01.07.2017
Меншікті капитал, млн. теңге	31,0	31,0
Меншікті қаражат жеткіліктілігінің коэффициенті	0,40	0,41
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	0,41	0,66

Агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының реттеуші меншікті капиталының мөлшері 2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 376,5 млрд. теңге болды. Осы көрсеткіш 2017 жылдың басында 343,7 млрд. теңге болған еді.

Есепті күні ұлттық почта операторының меншікті капиталының мөлшері 31,0 млрд. теңге болды.

5. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ**13-кесте. Банктік емес ұйымдардың кірістілігі***млрд. теңге*

Банктік емес ұйымдардың кірістілігі ²	01.07.2016	01.07.2017	Өсімі, %-бен
Кірістер жиынтығы, о.і.	57,0	44,9	-21,2
Сыйақы алумен байланысты кірістер	25,9	36,4	40,5
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	1,2	1,2	0,0
Өзге кірістер	29,9	7,3	-75,6
Шығыстар жиынтығы, о.і.	39,3	33,3	-15,3
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	11,0	14,2	29,1
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	0,0	0,0	
Өзге шығыстар	28,3	19,1	-32,5
Операциялар бойынша ықтимал залалға резервтер (резервтерді қалпына келтіру)	3,5	6,6	88,6
Корпоративтік табыс салығы	2,5	1,4	-44,0
Таза кіріс (шығын)	11,7	3,6	-69,2

²Пайда мен шығындар туралы есепке сәйкес

Банктік емес ұйымдар 2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 3,6 млрд. теңге мөлшерінде пайдалды.

10-график. Банктік емес ұйымдардың пайдасы (шығыны)

